

N E W S

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY

ISSN 2224-5286

Volume 3, Number 411 (2015), 125 – 130

HARDENING OF CEMENT BASED ON CARBON NANOMATERIALS

B. K. Dinistanova, Zh. O. Kalimbetova

Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: dinistanova@mail.ru, kalimbetova.zhazira@gmail.com

Keywords: hardness, nanomaterials, nanotubes, Portland cement, pyrolysis.

Abstract. The proposed article is devoted to the hardening of cement mixtures based on carbon nanomaterials. In the course of work carbon nanomaterials are synthesized by pyrolysis of benzene-chosen like better basic material. Purposely increase the yield there were considering the effect of a catalyst. Correspondingly the part of catalyst were ferrocene, like the best way to growth carbon nanomaterials. The morphology of finding carbon nanomaterials studied by means of an electron microscopic method. In the way of introduction additives to cement the functionality of carbon nanomaterials was carried out using the brominating method. Carbon nanomaterials were mixed to cement matrix by the simple way. Ready forming cement stones were tested for strength and electric resistance. By adding fillers the strength of cement mixture has increased by 1,6 times and the electric resistance conversely decreased by 1,7 times. Following, the structure of the cement stone were estimated by microphotographs and filmed IR-spectrum. The photographs of the spectrums showed that the additives decreased of calcium ions in cement stone, i.e. forming complexes with the functional groups of the filler. This allows to the same distribution of the nanomaterial through the matrix. Getting composite material can be used in buildings as an innovative new nanoconcrete instead of the usual. This composite materials may save budget due to its unique properties. Researches have shown that carbon nanomaterials a beneficial effect on the mechanical properties of cement composites.

УДК 666.966; 666.946.4

КӨМІРТЕКТІ НАНОМАТЕРИАЛДАР НЕГІЗІНДЕ ЦЕМЕНТТІ БЕРІКТЕҢДІРУ

Б. Қ. Діністанова, Ж. О. Қалымбетова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: беріктілік, наноматериалдар, нанотүтікшелер, портландцемент, пиролиз.

Аннотация. Ұсынылып отырған мақала цементті коспаларды көміртекті наноматериалдар негізінде беріктендіруге арналған. Жұмыс барысында көміртекті наноматериалдар бензолдың пиролизі арқылы синтезделінді. Алынатын өнімердің шығымын арттыру мақсатында катализатор әсері қарасытырылды. Пайда болған көміртекті наноматериалдардың морфологиясы электронды-микроскоп әдісі арқылы зерттелінді. Цементке коспаларды енгізу барысында көміртекті наноматериалдардың функционализациясы бромдау әдісі арқылы жүзеге асты. Көміртекті наноматериалдарды цементті матрицаға қарапайым араластыру тәсілі арқылы жасалды. Дайын формаға келген цементті таста беріктігін және электр кедергісін анықтайдын тест өткізілді. Нәтижесінде цементті қосланып беріктілігі толтырыштар әсерінен 1,6 есе артып, ал электр кедергісі көрісінше 1,7 есе төмендеді. Кейін цементті тастың құрылымы микросурет арқылы бағаланып, оның ИК-спектрі түсірілді. Алынған спектрлер бойынша қоспасы бар цементті таста кальций иондарының концентрациясы азаяды, яғни толтырыштың функционалды топтарымен комплекс түзеді. Бұл матрица бойымен наноматериалдардың біркелкі таралуына себеп болады. Алынған композитті материал құрылымы саласында қарапайым бетонның орнына инновациялық жаңа нанобетонның қолдануына мүмкіндік береді. Зерттеулер арқылы көміртекті наноматериалдардың цементті композиттердің механикалық қасиеттеріне әсері зор екені айқындалды.

Кіріспе. Соңғы уақыттарда нанотехнологиялар аумағындағы жұмыстарға деген қызығушылық құрылым саласында, ғылыми-техникалық әдебиеттерде түсіндірілуі кезпейтін «нанобетон» терминінің пайда болуына әкеп соқты. Наноқұрылымды бетон ол минералды байланыстыруыш – цемент негізінде құрылым композицияларын бақылау үшін қолданылатын наноматериалдардың спектрі мен әдістерінің топтары. Негізінен нанобетондар қышқыл-күл гипс негізіді болады. Нанобетондар өзінің наноденгейіне байланысты ерекше қасиетке ие болып келеді. Бұтінгі таңда наноқұрылымды бетонды технологияға өтудің маңыздылығы – цементті тастың нанобөлшектер, яғни наноинициаторларды енгізу арқылы өздігінен формалануы мен электрофизикалық қасиеттердің анизотропиясы болып табылады [1].

Цементті бетондарды қөміртекті талшықтармен, әсіресе түрлендірілген қөміртекті наноталшықтармен беріктендіру әдісі шет елдердегі нанобетондар аумағында жасалып жатқан жұмыстар қарқандылығын білдіреді [2].

Фуллерендер мен қөміртекті нанотутікшелер техникалық прогрестің символына айналғанда отырып, әртүрлі қасиеттерге ие, әсіресе созылыңқы құрылымдардың механикалық беріктігін бере алады [3].

Қөміртекті наноматериалдар мен наноталшықтардың әр алуандығы, олардың қолдану аясының кеңдігі мен шексіз түрлендіру мүмкіндігі оларды жана кезеңдегі материалдардың негізі деп атауга болады. Көбінесе наноматериалдар негізінде композиттер мүмкіншілігі зор болатынына үміт береді. Жана қөміртекті материалдарды матрицаға енгізу олардың механикалық қасиеттерін арттырып қана қоймай, оның тәзімділігін айтартылғатай жақсартуына негіз бола алады [4-6].

Тәжірибелік бөлім. Зерттеу барысында сұйық қөмірсутек шикізаты ретінде бензол, ал катализатор ретінде ферроцен қолданылды. Ал цементті шикізат көзі ретінде М-200 маркалы портландцемент (ПЦ) қолданылып, оны алдын ала 95 масс. % ПЦ және 5 масс. % ұсақталған гипс қоспасы түрінде дайындалған.

Қөміртекті нанотутікшелер (КНТ) бензолдың пиролизі арқылы синтезделді. Реактор кварц түтікшесі ретінде, тігінен орналасқан және ішінде метал торы орналасқан болып келеді. Реакциялық зонының температурасы 1000°C жеткенде, реактор арқылы гелий ағығыны жүргізілді де, аппарат реакциялық жағдайда 20 минут ұсталынды. Сосын реакторға периодты түрде тамшы түрінде ферроценның бензол ерітіндісі тамызылды [7-13].


Алынған наноматериалдардың матрицамен адгезиясын жақсарту үшін бромдау бөлме температурасында бром буынын әсерінде 2 апта бойы ($83\% \text{ Br}_2$) жүргізілді. Бромды десорбциялау үшін 2-3 ай ұсталынды. КНТ 17 % азот қышқылының ерітіндісінде өндөу 90°C температурасында 2 сағат бойы жүргізіліп, КНТ тазаланып, кептірілді [14].

Наноөлшемді қөміртекті нанотутікшелер (КНТ) және ПЦ массасының 0,5 % үлесінде қолданылды. Кварцың ұнтақ 15 % дейін, ал метилцеллюлоза 0,4 % цемент массасынан қолданылған. Цемент метилцеллюлозаның сулы ерітіндісінде араластырылып, ара қатынасы 0,25 болды. Қоспа миксерде 5 минут араластырылды. Пайда болған цементті пасталар бір-сантиметрлі кубты фторопласт-4 формаларына салынды. Формалар 24 сағат бойы арнайы ыдыста 100 % ылғылдылық пен тұрақты бөлме температурасында (221°C) ұсталынады. Ултілер 1, 3, 7, 28 күнде беріктігін сығу арқылы тест жасалынады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қөміртекті наноматериалдардың шикізат көзі ретінде әрі ферроцен үшін жақсы ертікіш болып бензол таңдалды. Ферроценнің бензолдағы 0,6 % ерітіндісі кезеңдегі пиролиз өнімі ретінде күйе, нафталин және КНТ қоспасы анықталды. Өнімнің тығыздығы $0,03 \text{ g/cm}^3$ болғандықтан КНТ бар болуын айтады [15-19].

Түзілген қөміртекті материалдардың морфологиясы әртүрлі. Электронды микроскоп арқылы жасалған түсірілімдер арқылы таза бензолдың пиролі негізінде күйе түзілгенін көруге болады (1а-сурет). Ферроценді қосу нәтижесінде түтікшелі қөміртекті формалар пайда болады (1б-сурет). Ал ферроценнің концентрациясы артқан сайын талшықтардың саласы артып, КНТ ұзындықтары артады (1в-сурет).



а – күйе түзілімдері, б, в – наноөлшемді талпықтар.

1-сурет – Бензол пиролизі өнімдерінің электронды-микроскопиялық суреттері:

а) ферроценіз; е) 0,6 % масс. ферроцен ерітіндісімен; б, в) 1 % масс. ферроцен ерітіндісімен


Алынған КНМ цементке армирлеуші материал ретінде енгізілді. КНМ цементтің механикалық қасиеттерін, соның ішінде беріктілігін арттыруы керек. Сұйық кемірсүтектердің пиролизі арқылы синтезделген КНМ цементті қоспаға 0,5 % қатынасында қарапайым миксермен араластыруу жолымен енгізілді. Кейіннен КНМ цементтің қатаю уакытына әсері зерттелді. Кестеде әртүрлі қоспасы бар цементтің электр кедергісі мен беріктігі берілген.

Әртүрлі қоспалардың цементтің беріктігі мен электр кедергісіне әсері

| Цементті қоспаның құрамы | Сығылу беріктігі (28 тәул.), МПа | Электр-кедергісі, $\text{Ом} \cdot \text{м}^{-1}$ |
|-------------------------------------|----------------------------------|---|
| ПЦ | 35,1 | $1,45 \cdot 10^7$ |
| ПЦ + МЦ (0,5 %) | 45,3 | $1,15 \cdot 10^6$ |
| ПЦ + КНМ (өңдеусіз) | 31,4 | $1,25 \cdot 10^5$ |
| ПЦ + КНМ (0,5 %) (броммен өндөлген) | 46,7 | $1,82 \cdot 10^3$ |
| ПЦ + КНМ (0,5 %) + МЦ (0,5 %) | 57,5 | $0,85 \cdot 10^3$ |

Бұл қоспаларлың біртұтас қолданылуы цементтің эксплуатациялық қасиетін жақсартуына септігін тигізеді. КНМ, МЦ және ПЦ қоспасы электр кедергісін $1,45 \times 10^7$ -ден $0,85 \times 10^3 \text{ Ом} \cdot \text{м}^{-1}$ дейін төмендетеді. Ал беріктік көрісінше $35,1 \pm 0,11$ -ден $57,5 \pm 0,06$ МПа дейін артты.

Композиттердің механикалық қасиеттері фазааралық шекаралың қасиеті мен құрылымына тәуелді. Демек, матрица мен толтырыш-нанотұтікше арасындағы мықты байланыс материалдың жоғары беріктігін береді. Қарапайым композициялық материалдарда фазалар микронды және субмикронды өлшемде болады. Толтырыштың өлшемін азайтқан сайын оның макроскопиялық ақауларының төмендеуіне экеледі [20]. 2-суретте жаңа әзірленген әртүрлі қоспасы бар цементтің микросуреті көрсетілген.




а – қоспасыз ПЦ, е, б, в – қоспасы бар ПЦ.


2-сурет – Цемент бетінің микросуреті (20 есе үлкейтілген)

Қоспаның түріне байланысты цемент бөлшектерінің таралуы әртүрлі болып келеді. Метил-целлюлозасы мен басқа да толтырыштары бар цемент қоспасының құрылымы біркелкі әрқын болып келетінін байкауа болады.

Қоспалардың әсерін инфрақызыл спектрлерінің әсерімен зерттелген. Цементті пасталардың қоспасыз және қоспамен ұлғалерінің ИК-спектрлері жазылған. 3–4-суреттерде жай және қоспасы бар ПЦ ИК-спектрлері көрсетілген.



3-сурет – Қоспасыз ПЦ үлгілерінің ИК-спектрі



4-сүрет – Көміртекті наноматериалдары бар ПЦ улгілерінің ИК-спектрі

Коспамен және қоспасызың жасалған цементті пасталар үшін алынған ИК-спектрлерін салыстыра отырып модификацияланған үлгілердің ИК-спектрлері өзгергенін байқауға болады. Бұл модификаторлар қатысында цементтің химиялық құрамдастарының толығымен әрекеттескенін көрсетеді. Кальций иондары толығымен цемент құрамына енетін заттармен әрекеттескен. Ол жайлы кальций иондарына сай келетін ($2820\text{--}2900\text{ cm}^{-1}$) жұтылу жолағының жоғалуы себеп. Жалпы жағдайда толтырыштардың қатысында қатаюдың баулауы цемент бөлшектерінің бетінде адсорбциялық қабаттың түзілуінен кальцийдің еруі төмендесуі және суда еріген кальций әктастың қанықтығын төмендете отырып гидратацияның жоғалуы себеп болып отыр.

Корытынды. КНТ қоспасының цементті тастың электрлік кедергісі мен беріктігіне әсері зерттелді. КНТ цементтің меншікті электр кедергісін 1,7 есеге төмендеді де, ал беріктігін көрісінше 1,6 есе арттырады. Сонымен, көміртекті наноматериалдардың композициялық материалдарға енгізу композиттік механикалық қасиеттерін арттыратыны анық көрініп отыр.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Пономарев А.Н. «Технико-экономические аспекты и результаты практической модификации конструкционных материалов микродобавками нанодисперсных фуллероидных модификаторов» // Вопросы материаловедения. – 2003. – №3(35). – С. 49-57.
- [2] Odgen J. Herbert US Patent W02006091185, 2006-08-31.
- [3] Елецкий А.Н. Углеродные нанотрубки // Успехи физических наук. – 2000. – Т. 170, № 2. – С. 113.
- [4] Французов В.К., Петрусенко А.П., Пешнев Б.В., Лапидус А.Л. Волокнистый углерод и области его технического применения // Химия твердого топлива. – 2000. – № 2. – С. 52-66.
- [5] Qian D., Dickey E., Andrews R., Rantell T. Load transfer and deformation mechanisms in carbon nanotube-polystyrene composites // Applied physics letters. – 2000. – Vol. 76. – P. 2868-2870.
- [6] Баннов А.Г., Вареницов В.К., Чуканов И.С., Городилова Е.В., Кувшинов Г.Г. Сравнительный анализ способов окислительной модификации углеродных нановолокон // Физико-химия поверхности и защита материалов. – 2012. – Т. 48, № 2. – С. 1-9.
- [7] Макунин А.В., Бачурин К.Е., Воробьева Е.А., Сердюков А.А., Тимофеев М.А., Чеченин Н.Г. Морфологические различия строения углеродныхnanoструктур, синтезированных различными методами // Физика и химия обработки материалов. – 2011. – № 4. – С. 66-70.
- [8] Макунин А.В., Чеченин Н.Г., Сердюков А.А., Бачурин К.Е., Воробьева Е.А. Технологические аспекты синтеза nanoструктур электродуговым и газопиролитическим методами // Физика и химия обработки материалов. – 2010. – № 6. – С. 38-41.
- [9] Ежовский Ю.К. Поверхностные nanoструктуры – перспективы синтеза и использования // Соросовский образовательный журнал. – 2000. – Т. 6, № 1. – С. 56-63.
- [10] Раков Э.Г. Пиролитический синтез углеродных нанотрубок и нановолокон // Российский химический журнал. – 2004. – Т. 48, № 15. – С. 12-20.
- [11] Раков. Э.Г. Методы получения углеродных нанотрубок // Успехи химии. – 2000. – Т. 69, № 1. – С. 45-65.
- [12] Awasthi K., Srivastava A., Srivastava O. Synthesis of carbon nanotubes // J. Nanosci. Nanotechnol. – 2005. – Vol. 5, № 10. – P. 1616-1636.
- [13] Dai H. Carbon nanotubes: synthesis, integration and properties // Acc. Chem. Res. – 2002. – Vol. 35. – P. 1035-1044.
- [14] Wang Y., Santiago-Avilys J.J., Furlan R., Ramos I. Pyrolysis temperature and time dependence of electrical conductivity evolution for electrostatically generated carbon nanofibers // Trans. Nanotechnol. – 2003. – Vol. 2, № 1. – P. 39-43.
- [15] Мансурова Р.М. Физико-химические основы синтеза углеродсодержащих композиций. – Алматы: «XXI век», 2001. – 180 с.
- [16] Французов В.К., Петрусенко А.П., Пешнев Б.В., Лапидус А.Л. Волокнистый углерод и области его технического применения. // Химия твердого топлива. – 2000. – № 2. – С. 52-66.
- [17] Берлин А.А. Углеродные волокна и углекомпозиты. – М.: Мир, 1988. – 331 с.
- [18] Mansurova R.M., Mansurov Z.A. Carbon Containing Compositions // Transactions on Electrical and Electronic Materials. – 2001. – Vol. 2, № 2. – P. 5-15.
- [19] Крутиков В.А., Дидик А.А., Яковлев Г.И., Кодолов В.И., Бондарь А.Ю. Композиционный материал с наноармированием // Альтернативная энергетика и экология, 2005. – Т. 24, № 4. – С. 36-41.
- [20] Колесников Б.Я., Мансуров З.А. Физические методы исследования химии. – Алматы: Қазақ университеті. – 264 с.

REFERENCES

- [1] Ponomarev A.N. *Questions of material science*, 2003, 3, 35, 49-57 (in Russ.)
- [2] Odgen J. Herbert US Patent W02006091185, 2006, 08, 31. (in Eng.)
- [3] Yeletskiy A.N. Jurnal «Successes of physical sciences», 2000, 170, 2, 113 (in Russ.)
- [4] Frantsuzov V.K., Petrusenko A.P., Peshnev B.V., Lapidus A.L. *Chemistry of solid fuel*, 2000, 2, 52-66 (in Russ.)
- [5] Qian D., Dickey E., Andrews R., Rantell T. *Applied physics letters*, 2000, 76, 2868-2870 (in Eng.)
- [6] Makkunin A.V., Bachurin K.E., Borobyeva E.A., Serdukov A.A., Timofeev M.A., Chechenin N.G. *Physics and*

chemistry of processing metals, 2011, 4, 66–70 (in Russ.)

[7] Makkunin A.V., Bachurin K.E., Borobyeva E.A., Serdukov A.A., Timofeev M.A., Chechenin N.G. *Physics and chemistry of processing metals*, 2011, 4, 38–41 (in Russ.)

[8] Ezhovskiy U.K. *Soross educational journal*, 2000, 6, 1, 56–63 (in Russ.)

[9] Rakov E.G. *Russian chemical journal*, 2004, 48, 15, 12–20 (in Russ.)

[10] Rakov E.G. *Success of chemistry*, 2000, 69, 1, 45–65 (in Russ.)

[11] Awasthi K., Srivastava A., Srivastava O. *J. Nanosci. Nanotechnol.*, 2005, 5, 10, 1616–1636 (in Eng.)

[12] Dai H. *Chem. Res.*, 2002, 35, 1035–1044 (in Eng.)

[13] Wang Y., Santiago-Avilys J.J., Furlan R., Ramos I. *Trans. Nanotechnol.*, 2003, 2, 1, 39–43. (in Eng.)

[14] Bannov A.G., Varentsov V.K., Chukanov I. S., Gorodilova E.V., Kuvshinov G.G. *Physical chemistry of surface and protection of metals*, 2012, 48, 2, 1–9 (in Russ.)

[15] Mansurova R.M. Phycal chemistry basis of a synthesis of carbon containing composites. Almaty: «XXI vek», 2001, 180 p. (in Russ.)

[16] Frantsuzov V.K., Petrusenko A.P., Peshnev B.V., Lapidus A.L. *Chemistry of solid fuel*, 2000, 2, 70–75 (in Russ.)

[17] Berlin A.A. Carbon fibers and carbon composites. M.: Mir, 1988. 331 p. (in Eng.)

[18] Mansurova R.M., Mansurov Z.A. *Transactions on Electrical and Electronic Materials*, 2001, 2, 2. 5–15. (in Eng.)

[19] Krutikov V.A., Didik A.A., Yakovleva G.I., Kodolov V.A. *Alternative energy and ecology*, 2005, 24, 4, 36–41 (in Russ.)

[20] Kolesnikov B.Ya., Mansurov Z.A. Physical methods research of chemistry: Almaty, Kazakh universiteti. 2009. 264 p. (in Russ.)

УПРОЧНЕНИЕ ЦЕМЕНТА НА ОСНОВЕ УГЛЕРОДНЫХ НАНОМАТЕРИАЛОВ

Б. К. Динистанова, Ж. О. Калимбетова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: прочность, наноматериалы, нанотрубки, портландцемент, пиролиз.

Аннотация. Предоставленная статья посвящена укреплению цемента на основе углеродных наноматериалов. В ходе работы были синтезированы углеродные наноматериалы пиролизом бензола. С целью повышения выхода продукта было рассмотрено применения катализатора. Морфология полученных углеродных наноматериалов исследовано электронно-микроскопическим методом. При внедрении добавок к цементу, углеродные наноматериалы были функционализированы методом бромирования. Углеродные наноматериалы добавили в цементную матрицу обычным методом перемешивания. Готовые формированные цементные камни были тестированы на прочность и электрическое сопротивление. В результате добавления наполнителей прочность цементной смеси увеличилась на 1,6 раз, а электрическая сопротивляемость наоборот уменьшилась на 1,7 раз. Следом, структура цементного камня было оценено микрофотографией и снимали ИК-спектры. Полученные снимки спекров показали, что в цементном камне, в которых есть добавки, уменьшается концентрация ионов кальция, то есть образовывается комплекс с функциональными группами наполнителя. Это позволяет одинакому распределению наноматериала по матрице. Полученный композитный материал может использоваться строительстве в качестве инновационного нового нанобетона вместо обычного. Исследования показало, что углеродные наноматериалы благотворно влияет на механические свойства цементным композитам.

Поступила 03.06.2015г.